Арқа жерінде жастардың отау құруы екі түрлі жолмен жүзеге асады: алып қашу және құда түсу. «Алып қашу» немесе «қалыңдық ұрлау» біздің дәстүрлі қоғамда екі ру арасында жанжал тудырған үлкен мәселе болса, қазіргі таңда жаңа экономикалық қоғамға сай бейімделген қыз бен жігіттің келісімімен жасалған бейбіт форматтағы «алып қашу» рәсімі ретінде қоғамда орын алып отыр (Beyer, Finke: 2019). Басты үйлену ғұрыптары саналатын құда түсу, сырға салу, қыз ұзату секілді рәсімдер көп шығынды қажет ететіндіктен, жастар «алып қашуға» көбірек жүгінеді. Қарағанды қазақтары арасында сонау XX ғасырдың 50–60 жылдардан келе жатқан құбылыс, қалыңдықтың ата-анасынан «жасырын кетуі» кең тараған. Мұның қалыңдық ұрлаудан айырмашылығы, қыз өз еркімен, сүйіспеншілікпен және ата-анасының үнсіз келісімімен кететін болған. Бұл қазақы ортадағы алыс-беріс кезінде туындайтын материалдық шығындарды болдырмау үшін жасалатын қадам. Мұндай жағдай көбіне екі жас үйленуге бел буған кезде ата-аналары той өткізуге байланысты материалдық шығындарға дайын бола бермейді, ал күйеу жігіт пен қалыңдық тойды кейінге қалдырғылары келмейтіндіктен орын алып жатады (Кауанова, 1982: 98). Бұл дәстүрдің бүгінде жастар арасында заманауи сабақтастық тауып отырғандығына Орталық Қазақстан мысалында да көз жеткіздік. Өңір тұрғындарымен сұхбат барысында жастар ата-аналарына ауыртпалық түсірмеу үшін осы жолды таңдайтындықтарын айтты. Жастар арасында құдалық, қыз ұзату секілді тойларға шығындалып керек емес деген көзқарастар бар. Бұл «алып қашу» рәсімі көп жағдайда екі жастың өзара келісімімен орын алады (ДЭМ – 1, 2025).

XX ғасырдың басында бүкіл қазақ халқына тән болған некелесудің түрі құда түсу Орталық Қазақстанда кең тараған. Дәстүрлі қазақ қоғамында құдалық мәселесі күйеу жігіт әулетінің үлкендері тарапынан шешілген (Арғынбаев, 1996: 132). Құда түсуде үлкендер өз әулеттеріне теңдес әулетпен құда болып, екі әулет арасында туыстық байланыс орнатуды жөн санаған. Мәселен, Кеңестік кезеңге дейін дәстүрлі қазақ отбасында құдалық көбінесе руаралық байланыстарды нығайту, әлеуметтік-саяси қатынастарды реттеу, екі әулетті жақындастыру құралы болған. Екі жастың отау құруы ата-аналарының өзара келіссөздері арқылы жүзеге асқан (Werner, 2008: 6). Бүгінде бұл салт түпкі мағынасын сақтай отырып, заман талабына сай жаңаша сипатта өз жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңдағы құдалықтың негізгі мәні – екі жастың келісімін заңдастыру, ата-аналардың бір-бірімен танысуы және үйлену рәсіміне сай ғұрыптарды орындауы. Орталық Қазақстан өңірінің қазақтары үйлену ғұрыптарының ішінде құдалыққа қатты мән береді. Құдалық рәсімін барлық жөн-жоралғыларымен тиісті деңгейде орындайды. Алайда, дәстүрлі қазақ қоғамында бел құда, бесік құда, есік құда, сарысүйек құда секілді құдалықтың түрлерін бұл өңірде кездеспейді (Ибраев, 2005: 142).

Аймақта құдалық рәсімі жастар үйленуге шешім қабылдап және бұл шешімдерімен ата-аналарын хабардар еткен соң басталады. Белгіленген күні күйеу жігіттің ата-анасы, кейде оның ең жақын туыстары және күйеу жігіттің өзі қалыңдықтың үйіне барады. Екі жақ

танысады, содан кейін күйеу жігіттің ата-анасы қалыңдықтың ата-анасына жас жұбайлардың некеге тұру туралы шешімін хабарлайды және олардың келісімін сұрайды. Қалыңдықтың ата-анасы келісім бергеннен кейін екі жақ үйлену рәсімін талқылайды (Кауанова, 1982: 94). Қазіргі кезде үйлену ғұрыптарына жаңаша элементтер еніп жатыр. Соның бірі еліміздің өзге де өңірлерінде орындалып жүрген үйлену алдындағы коммуникативті жоралғы «тәтті шәй» беру. Бұл жоралғы Арқа жұртына да тән. Респонденттердің мәліметінше, қазіргі таңда Арқа жерінде құдалықтың басы осы «тәтті шәйдан» басталады. Жігіт жақтың бастамасымен жасалған «тәтті шәйда» болашақ құдалар танысып, алдағы болатын құдалық пен той мәселесін ақылдасады. Респонденттер бұл үрдісті еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірінен келді деп санайды (ДЭМ – 1, 2025). Екі жақтың үлкендері «тәтті шәй» үстінде өзара құдалық, қалыңмал мәселелерін ақылдасып болған соң араға біраз уақыт салып жігіт жағы ет жақын туыстарымен қызға құда түсуге барады. Арқа жұртында құда түсуге шамамен 15–20 адам барады. Құдаларды қалыңдықтың туыс-туғандары құшақ жая қарсы алып, сый-құрмет көрсетеді. Қазақстанның басқа да өңірлері сияқты Орталық Қазақстан қазақтарында да құда болғанның белгісі «құйрық-бауыр», «төс» секілді ғұрыптық тағамдардан дәм тату арқылы бекітіледі (Әжіғали, Байғабатова,2005: 184). Респонденттердің айтуынша, құйрық-бауыр асату рәсімі екі жақ құдалар «бауырдай жақын болсын» деген ырыммен жасалады. Бұл қазақтың дәстүрлі үйлену ғұрпында құйрық-бауыр жегізу салтының ерекше мәнге ие екендігінің айқын көрінісі. Дәстүрлі қазақ қоғамының құдаласу рәсімінде табақ тартар алдында араластыра туралған құйрық-бауырдың үстіне айран құйылып, құдаларға кезек-кезек асататын болған. Бұл айран тілектің ақ екендігін, ал құйрық-бауыр құдалар ақ пен қарадай біртұтас араласып кетсін дегенді білдірген (Қазақтың этнограф. категориялар, 2011: 207).

Осы құда түсу дәстүрінде қалыңдыққа сырға салу рәсімі бірге орындалып кетеді. Сырға салу рәсімі бұрынғы қыз айттырудың өзгерген түрі. Дәстүрлі қазақ қоғамында жігіттің ата-анасы өздеріне тең келетін, текті әулеттің қызын ұлдарына айттыратын болған. Мұндайда қыз бен жігіттің ерте жастан бірін-бірі танып-білуі, келешекте олардың жақсы отбасы болуының кепілі іспетті болған. (Қазақ салт-дәстүрлері, 2017: 265–266). Қызды айттыруға арнайы үлкендер, елге сыйлы аналар барған. Ал бүгінде сырға салу рәсіміне күйеу жігіт жақтан үлкен және орта жастағы 10–15 адам барады. Қалыңдыққа сырға салу рәсімін орындату үшін әулетінің үлкен келінін бірге ертіп алады. Үлкен келін арнайы жыр шумақтарын айта отырып, қалыңдыққа сырғасын салады. Осы сәттен бастап бойжеткен қыз «сырғалым» атанады. Сырға салу рәсімінен соң қоржын ашу, киіт тарату рәсімдері рет-ретімен жасала береді. Дәстүрлі отбасында қызды айттыру кезінде кәде сый мал түрінде (қой, жылқы) берілсе, қазір алтын әшкейлер, жағалы киімдер ұсынылады. Кейбір отбасылар сырға салуды қалыңмал берумен қатар өткізеді. Қалыңмал - қызды сатып алу үшін берілетін құн емес, керісінше, қалыңдықтың жасауына, сәукелесіне, той малына, кәделі алыс-берістеріне жұмсалатын қаражат көлеміне сай төленетін төлем (Артыкбаев, 2020: 154). Қыз алысуда қалыңмалдың алатын өзіндік орны бар. Кеңес үкіметі тұсында қалыңмалға тиым салып, некені заңды түрде тіркеуді міндеттеседе, бұл салт қазақ отбасы институтында өз жалғасын тауып келеді (Olcott, 1987: 124). Тек заман талабына сай біраз өзгеріске ұшыраған тұстарын байқаймыз. Мәселен, зерттеліп отырған аймақта қалыңмалға дәстүр бойынша әкесінің «ақбоз аты» деп бір жылқы атаған, ал ол бүгінде заман талабына сай өзгеріске түсіп ақшалай беріліп жүр. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша қазіргі таңда берілетін қалыңмал бір жылқының құнымен пара-пар келеді (ДЭМ – 2, 2025). Яғни, бұл аймақта еліміздің өзге өңірлері секілді қалыңмал ретінде 2–3 млн ақша берілмейді. Неке келісімінің басты шарты болып саналатын «қалыңмал беру» дәстүрі тек экономикалық қана емес туыстық әлеуметтік келісімді нығайту құралы болып саналған (Olcott, 1987: 119). Екі әулеттің құдандалық байланысын нығайту, оларды бір-біріне туысқандық тұрғыдан жақындастыру мақсатында «құйрық-бауыр» асату рәсімі жасалады. Бұл ғұрыпта құйрық май мен бауырдан арнайы тағам дайындалып, құдалар жағына дәм татқызады. Бұл ендігі жерде екі жақ туыс, құдандалды, берік байланыс орнады дегенді білдіреді. Қазіргі жастар құйрық-бауырдың мәнін білмей, оны жәй ғана «құдаларға жасалған сый-құрмет ретінде түсінеді.

Орталық Қазақстан қазақтары құдаласу барысында «өлітірі» рәсімін назардан тыс қалдырмайды. Өлтірі – ата-бабамыздан келе жатқан ерекше дәстүр. «Құдалық сөйлесіп, қалыңмалдың мөлшері белгіленгеннен кейін екі жақтың бекіткен ант-суы – «өлтірі» деп аталған. Бұл дәстүр бойынша құдалар мал сойып, ет жеп, қымыз ішіп, бір-бірімен уәделескен. «Өлтірі» рәсімінен кейін құдалық ешқашан бұзылмайды деп есептелген (Қазақ салт-дәстүрлері, 2017: 268). Кеңестік кезеңде кейбір дәстүрлер әлсіреп, кейбірі өзгеріске ұшырағанмен, өлітірі ғұрпы толық жойылған жоқ. Ол отбасының дәстүрлі құрылымында өз жалғасын тапты. Некелесу рәсімінде әруақтардың ризашылығын алу, яғни өзге ру мүшесінің екінші руға қосылуына ата-баба рухтарынан рұсат алу мақсатында жасалатын ғұрып (Ерназаров, 2003: 38). Бүгінде бұл рәсім Орталық Қазақстан жұртының құдалық барысында жасалатын басты жоралғы ретінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ақпарат берушілердің сөзі бойынша, қалалық жерде «өлітірі» көп жағдайда ақшалай, ауылдық жерде малдай беріліп жатады. Ақшалай берілсе, қыздың ата-анасы осы берілген ақшаға бір мал алып туған-туыстарын шақырып «өлітірі» таратады (ДЭМ – 3, 2026).

Қыз айттырылып, сырға салынып болған соң қыз жағы «қыз ұзату» тойына дайындық жасайды. Бұрын ұзату рәсімі бірнеше күнге созылған. Қалыңдық өз отбасымен, туған-туыстарымен, балалық-шағымен, елімен және жерімен қоштасуын, өзінің мұң-шерін «сыңсу» айту арқылы жеткізген. Кейде «тақиямен жыласу» дәстүрі деп те жатады. Тұрмысқа шығатын қыз өзінің жастық дәуренімен қоштасып, еріксіз түрде басына сәукеле киген. Сәукеле қалыңдықтың жаңа өмірге қадам басқанының, бөтен әулетке келін ретінде енгенінің айғағы (Mukhan, Matyzhanov.., 2025: 169). Ал бүгінде «қыз ұзату» дәстүріне де қазіргі заман элементтері еніп отыр. Респонденттердің сөзінше, Арқа жерінде «қыз ұзату» әркімнің жағдайына байланысты жасалады. Кейбір отбасылар туған-туыстарының басын қосып кішігірім жиын жасап қызды үйден шығарып салып береді. Ал тағы бір отбасылар «қыз ұзатуды» мейрамханаларда үлкен жиын той ретінде өткізеді (ДЭМ – 4, 2026). Орталық Қазақстан өңірінде қыз ұзату той түс мезгіліне қойылады. Бұның түпкі мәні – күн батпай қызды шығарып салу. Мейрамханада өтілетін қыз ұзату тойға шамамен 100-250 адам шақырылады. Күйеу жігіт жақтан шамамен 15–20 адам ұзату тойға келеді. Дәстүрлі «қыз ұзату» тойларындағы «сыңсу» айтылмайды. Оның орнына той соңында қалыңдықтың жолына ақ мата төселіп, қазақ эстрадасында орындалып жүрген ұзату тойға арналған әндер орындалады. Бұл әнді танымал жұлдыздар немесе қыздың жақын туысы орындауы мүмкін. Ән орындалып болысымен анасы қалыңдықтың тақиясын сәукелеге алмастырып, күйеу жігіттің қолына табыстайды (ДЭМ – 4, 2026). Дәстүр бойынша, ұзатылып бара жатқан қыз артына қарамауы тиіс болған. Бұның түпкі мәні – қыз ажырасып, үйіне қайтып келмесін деген мағынада болған (Әжіғали, Байғабатов, 2005: 173). Бұрын ұзату – қыздың әке үйімен мәңгілік қоштасуы болса, қазір қыз ата-анасымен, туған-туыстарымен қарым-қатынасын жалғастыра береді. Сонымен қатар, бұл өңірге тән бір ерекшелік «қыз ұзатуда» айтылатын сыңсудың орнына «Аужар» айту жолға қойылып келеді. Аужар қыз ұзату тойының жөн-жоралғылары аяқталған соң, қызды аттандырар сәтте қоштасу жыры ретінде айтылады. Дәстүр бойынша «Аужар» қыз ауылының қыздары мен жігіттері ізгі тілек, достық көңілдерін, жақсы ниеттерін осы «аужар» арқылы жеткізген (ДЭМ – 5, 2026)

Арқа жерінде жас келін түскеннен кейін жасалатын «беташар» ғұрпына да ерекше мән беріледі. Беташар жас келінге тағылым беретін тәрбиелік әрі символикалық мәнге ие рәсім болып табылады. Беташар рәсімінде қалыңдықты ибалы жеңгелері екі жағынан қолтықтап тұрады. Суырып салма ақын қолына домбырасын алып қалыңдықтың сұлулығы мен ізгі қасиеттерін мадақтап, қайын жұртының туыстарын таныстырып, олардың аты аталған сайын жас келін иіліп сәлем салатын болған. Салттың соңында қалыңдықтың бетін ашу арқылы ол жаңа әулетке ресми түрде келін болып қабылданған (Қалыш, 2015). Зерттеушілер қазіргі рәсімдердің дәстүрлі әдет-ғұрыптарға сәйкес келмейтіндігін, рәсімдердің жасалу үлгісі өзгеріп, жеңілдетіліп, уақыт талабына сай түрлендірілгенін алдыға тартады. Мәселен, бұрын беташар жас келінді жаңа ортамен таныстыруды, жаңа өмірге жол ашуды көздесе, уақыт өте келе оның мазмұны мен мәні бірінші орынға шығып, танымдық сипат біртіндеп көркемдік-

эстетикалық мәнге ауысып, тәрбиелік қызметі күшейген (Mukhan, Matyzhanov.., 2025: 171). Бұрын келіннің бетін қамыстан жасалған шыбықпен, ақ немесе қызыл матамен, ашса, қазіргі кезде оқтаумен немес домбырамен ашады.

Орталық Қазақстан аймағында беташар рәсімінің өзіндік ерекшелігі бар. Еліміздің өзге өңірлері секілді беташар рәсімін келін түскен күні жасау Жезқазған, Жаңаарқа секілді аймақтарына тән. Ал басқа аудандарында беташар рәсімі көп жағдайда үйлену той үстінде жасалады. Беташарда келіннің екі жағында ұл жолдаспен қыз жолдас тұрады. Беташар жыры еліміздің өзге өңірлеріндегідей ұзаққа созылмайды. Барлық туыс-туғандардың атын атамай 5–7 минутқа созылған таныстыру түрінде «қысқа қайырады». Сонымен қатар, бұл өңірде беташардағы «қысқа қайыруда» әулеттің үлкендері таныстырылып, соларға сәлем салынғаннан кейін табаққа ақша салу деген жоқ (ДЭМ – 3, 5, 2026). Беташар дәстүрі өзінің бастапқы мәнін сақтап қалғанмен, қазіргі кезеңде ұлттық этикетке сай сәнді түрде өткізіле бастады. Орталық Қазақстанда жас отбасы «үбірлі-шүбірлі болсын» деген ырыммен келіннің бетін алтын құрсақты көп балалы аналарға ашқызу үрдісі жиі кездеседі. Беташар ғұрпы қазіргі кезде келін түскен күні немесе ертесі жасалатын болған, үлкен тойда дүйім жұрттың алдында жасау салтыда сақталған.

Еліміздің өзге де аймақтары секілді бұл өңірде де отбасын құруда «неке қию» рәсімі шариғат және заңды жолдармен жасалады. Ата-баба салт-дәстүрінде «неке қию» қыз бен жігіт үшін ең биік асу болып саналған. Жастардың некесін молда оқып, неке суын ішкізетін болған. Неке суына тұз, қант, сақина салынған. Су – екі жастың тазалығын, тұз – неке бұзылса дәм атсын дегенді, қант – екеуінің тату-тәтті өмір сүруін, сақина – неке белгісін паш еткен (Қазақ салт, 2017: 279). Имамның қатысуымен жасалатын бұл рәсім орталық өңірдің қазақтары арасында кеңінен тараған. Шариғат бойынша жас-жұбайлар некелерін екі немесе одан да көп куәгерлердің көзінше молдаға қидырып, неке суларын ішеді. Неке қиылып болған соң қалыңдық қасындағы куәгерлердің көзінше күйеу жігіттен мәһір сұрайтын болған. Бұл соңғы онжылдықта қайтадан жанданған «мәһір беру» дәстүрі. Бұл дәстүр бойынша күйеу жігіт қалыңдығының қалаған затын алып беруі тиіс (Бекназарова, 2021: 134). Неке қию рәсімінен кейін, кейде үйлену тойдан кейін жаңа құдалар «есік-төр» көрсету мақсатында бір-бірін шақырысады. Бұл рәсім жергілікті халық арасында «қайтарма» деп аталады. «Қайтармада» құдалар екі жақтың ет жақын туыстарымен жақынырақ танысады. Жаңа құдалар бір-біріне сый құрмет ккрсетіп, кәделі сыйлықтарын үлестіріп жатады (ДЭМ – 6, 2026).

Отбасылық дәстүр ішінде «үйлену тойдың» алар орны ерекше. Жалпы Орта Азия халықтарының түсінігі бойынша үйлену той – жаңа әлеуметтік ұяның қалыптасуын заңдастыратын және ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ететін негізгі институт болып табылады. Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл ғұрып кеңестік кезеңнің қатаң идеологиялық шектеулеріне қарамастан, өзінің өміршеңдігі мен мән-маңызын жойған жоқ. Бұл фактор батыс еуропалық қоғаммен салыстырғандапосткеңестік кеңістікте отбасы институты тұрақтылығының жоғары болуын қамтамасыз етті (Roche, 2020: 28). Кейінгі онжылдықтардағы экономикалық тұрақтану мен халықтың әл-ауқатының артуы аймақтағы үйлену тойларының тек отбасылық ғұрып қана емес, сонымен бірге әлеуметтік мәртебені паш ету құралына айналып отыр (Beyer, Finke: 2019). Шетелдік ғалымдар айқындаған бұл тенденция еліміздің барлық өңіріндегі үйлену тойларда айқын көрініс тауып отыр. Орталық Қазақстанның әсіресе, Жезқазған, Сәтпаев, Қарағанды сияқты қалаларында да үйлену тойларды мүмкіндігінше сән-салтанатты түрде өткізу үрдісі байқалады. Той көп жағдайда өзге де өңірлердегідей кафе немесе мейрамханаларда жасалып, той тізгінін арнайы кәсіпқой асабаға ұстатады (Баудиярова, Исаева., 2016: 76). Үйлену тойда «жар-жар» айтылады. Жас жұбайларды ортаға осы «жар-жар» әнімен шақырады. Информатордың ақпаратына сүйенсек, еліміз бойынша ең сапалы үйлену той Орталық Қазақстанның қалалары мен аудандарына тиесілі. Себебі, Орталық Қазақстанның қазақтары тойға уақытында жиналады. 1 сағаттық үзілісі бар 6 сағаттық той болады. Қонақтар той иесіне құрметпен қарап, ізгі тілектерін айтып, ойнап-күліп той аяқталғанша отырады. Дегенменде, қазіргі таңда тойға кететін шығынды азайту мақсатында үлкен тойлардан бас тартып, жақын туыстардың басын қосып шағын той

жасау үрдісі де байқалады. Сондай-ақ жас жұбайлар тойға кететін қаржыға үй алуды жөн көріп, үйлену тойынан бас тартып жатқандарда бар (ДЭМ – 4, 2026).

Бүгінгі күні Орталық Қазақстан қазақтарының үйлену ғұрыптарына этномәдени процестер де әсер етіп отыр. Бұл өңірде қазақ ұлтымен қатар орыс, украин, неміс, татар, белорус секілді этностар арасында өзара мәдени байланыстар орнатылғандықтан, екі түрлі этнос өкілінің шаңырақ көтеріп жататын құбылыстары да жиі кездеседі. Сәйкесінше, ұлтаралас некедегі отбасыларда дәстүр қайшылықтары жиі орын алып отырады. Тілі, діні, өмір сүру салты әртүрлі отбасыларда барлық этностарға тән некеге тұру, үйлену той жасау сияқты негізгі екі ғұрып жасалады. Одан әрі қоғамда шағын отбасы болып өмір сүрулерін жалғастырады.

**Қорытынды**

Қазіргі жаһандану заманында елімізде отбасы және неке инстиутының бейнесі біршама өзгергені рас Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Орталық Қазақстан өңірінде қазақтардың үйлену ғұрыптары өзінің түпкі дәстүрлі мән-мағынасын сақтаған. Әсіресе ауыл халқы арасында отбасы және некеге қатысты басты әдет-ғұрыптар этнографиялық ерекшеліктерін сақтай отырып, өз жалғасын тауып келеді. Дәстүрдің өміршеңдігі жергілікті халықтың ұлт пен дәстүрлі құндылықтарға бей-жай қарамайтындығының дәлелі. Зерттеліп отырған аймақта, қала халқының басымдығы, өзге этнос өкілдерінің көптігі дәстүрлі отбасылық салттарының үлкен өзгеріске ұшырағандай көрсетеді. Бірақ жергілікті халықпен сұхбаттасу барысында ежелден келе жатқан отбасылық салт-дәстүрлерді ұстанып, оларға ерекше құрметпен қарайтындығына көз жеткіздік. Бірақ уақыт талабына сай өзгерген ғұрыптар түпкі мән-мағынасын жойды деуге келмейді. Ал қалалық жерлерінде еліміздің өзге өңірлеріндегі секілді салт-дәстүрлерге заманауи элементтер енген. Жиналған далалық этнографиялық материалдар (ДМ, 2025–2026) зерттеліп отырған өңірдің үйлену ғұрыптарындағы аймақтық ерекшеліктердің бар екенін айқындады. Сонымен қатар, Орталық Қазақстандағы этномәдени араласу үдерістері де үйлену ғұрыптарының трансформациясына ықпал етті. Өңірде әртүрлі этностардың өмір сүруі қазақтың үйлену дәстүріне жаңа элементтердің енуіне жағдай жасады. Осылайша, дәстүрлі рәсімдер заман талабына сай өзгеріп, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделгенімен, өзінің тарихи-мәдени маңызын жойған жоқ. Керісінше, қазіргі кезеңде ол қазақ қоғамының этномәдени ерекшелігін айқындайтын маңызды құндылық ретінде сақталып келеді.

**Field ethnographic materials**

FEM — 1. Bakhtygeldinova Aiym Amangeldinovna. Karaganda region, Shakhtinsk city. 2025

FEM — 2. Sovekhan Martgul. Born in 1985. Karaganda region, Kazybek Bi district. 2025

FEM — 3. Zholamanova Meiramgul Askenovna. Born in 1966. Karaganda region, Aktogay district. 2026

FEM — 4. Auesbayev Madiyar Damiyatuly. Born in 1988. Karaganda region, Balkhash city. 2026

FEM — 5. Zoya Kanikar. Karaganda city. 2026

FEM — 6. Zhaksybai Zhaynat Dautzhanuly. Karaganda city. Born in 1990. 2026

**Далалық этнографиялық материалдар**

ДЭМ — 1. Бахтыгельдинова Айым Амангельдиновна. Шахтинск қаласының тұрғыны, 2025 жыл

ДЭМ — 2. Советхан Мартгуль. 1985 жылы туылған. Қарағанды облысы, Қазыбек би ауданы, 2025 жыл

ДЭМ — 3. Жоламанова Мейрамгүл Аскенқызы. 1966 жылы туылған. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы. 2026 жыл

ДЭМ — 4. Әуесбаев Мадияр Дәмиятұлы. 1988 жылы туылған. Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, руы –арғын, қаракесек. 2026 жыл

ДЭМ —5. Зоя Каникар. Қарағанды қаласы. 2026 жыл

ДЭМ — 6. Жақсыбай Жәйнат Дәуітжанұлы. Қарағанды қаласы. 1990 жылы туылған. Руы – арғын. 2026 жыл

## References


Argynbaev, 2005 — *Argynbaev, Kh.* Qazaqtyn otbasylyq dasturleri [Family traditions of the Kazakhs]. Qainar, 2005. 261 p. (In Kaz.).

Artyqbaev, 2020 — *Artyqbaev, Zh.* Qazaq etnografiyasy [Kazakh ethnography]. Almaty, 2020. 223 p. (In Kaz.).

Argynbaev, 1996 — *Argynbaev, Kh.* Qazaq otbasy [The Kazakh family]. Qainar, 1996. 288 p. (In Kaz.).

Azhigali, Baigabatova, 2005 — *Azhigali, S., Baigabatova, N.* Zhetisu qazaqtarynyn salt-dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Zhetysu Kazakhs]. In Qazaq khalqynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom: birtutastygy zhane erekshelіgi [Traditions and customs of the Kazakh people. Vol. 1: Unity and specificity]. Almaty: Arys, 2005. P. 175–190. (In Kaz.).

Beknazarov, 2021 — *Beknazarov, A.* Qazaqstandagy otbasy institutynyn transformatsiyasy [Transformation of the family institution in Kazakhstan]. Almaty: Qazaq Universitety, 2021. 265 p. (In Kaz.).

Baudiyarova, Issayeva, 2016 — *Baudiyarova, Q., Issayeva, A. I.* Qazaqstandagy neke zhane otbasy maselelerinyn zertteluy [The study of marriage and family issues in Kazakhstan]. Almaty: Qazaq Universitety, 2016. 244 p. (In Kaz.).

Yernazarova, 2003 — *Yernazarova, Zh. T.* Semeynaya obryadnost kazakhov: simvol i ritual [Family rituals of the Kazakhs: Symbol and ritual]. Almaty, 2003. 204 p. (In Russ.).

Ibraev, 2005 — *Ibraev, M.* Saryarqa qazaqtarynyn salt-dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Saryarka Kazakhs]. In Qazaq khalqynyn dasturleri men adet-guryptary. 1-tom: birtutastygy zhane erekshelіgi [Traditions and customs of the Kazakh people. Vol. 1: Unity and specificity]. Almaty: Arys, 2005. P. 141–149 . (In Kaz.).

Kauanova, 1982 — *Kauanova, Kh. A.* Obraz zhizni i byt rabochikh semey (na materialakh Kazakhstana) [The lifestyle and everyday life of working-class families (Based on materials from Kazakhstan)]. Alma-Ata: Nauka, 1982. 166 p. (In Russ.).

Qalysh, 2015 — *Qalysh, A. B.* Qazirgi Qazaqstandagy etnikalyq zhane etnomadeni protsester [Ethnic and ethnocultural processes in modern Kazakhstan]. Almaty: Qazaq Universitety, 2015. 254 p. (In Kaz.).

Qazaqtyn etnograf. kategoriialary, 2011 — Qazaqtyn etnografiialyq kategoriialary, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi. Encyclopedia [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs] Almaty: DPS, 2011. 736 p. (In Kaz.).

Qazaq salt, 2017 — Qazaq salt-dasturleri [Kazakh traditions and customs]. Almaty: Balausa, 2017. 384 p. (In Kaz.).

Beyer, Finke, 2019 — *Beyer, J., Finke, P.* Practices of Traditionalization in Central Asia. Central Asian Survey. Routledge (Taylor & Francis Group). 2019. Vol. 38, Iss. 3 (2019). P. 310–328. (In Eng.).

Werner, 2008 — *Werner, C.* Marriage, Markets, and Merchants: Changes in Wedding Feasts and Household Consumption Patterns in Rural Kazakhstan. Culture & Agriculture June, 2008. (In Eng.)

Roche, 2020 — *Roche, S.* The Family in Central Asia: New Research Perspectives. Berlin: Walter de Gruyter GmbH & Co KG, 2020. 416 p. (In Eng.).

Olcott, 1987 — *Olcott, M. B.* The Kazakhs. Stanford: Hoover Institution Press, Stanford, California, 1987 (2nd ed. 1995). P. 116–132. (In Eng.)

Mukhan, et al. 2025 — *Mukhan, A., Matyzhanov, K., Bugybayeva, Zh., Toishanuly, A.* The wedding ceremony in kazakh folklore: yesterday and today // Folklore: Electronic Journal of Folklore No. 95. Estonian Literary Museum, 2025. P. 163–178. https://www.folklore.ee/folklore/vol95/kazakh.pdf (In Eng.).


## Әдебиеттер


Арғынбаев, 2005 — *Арғынбаев Х.* Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы: Қайнар, 2005. 261 б.

Артықбаев, 2020 — *Артықбаев Ж.* Қазақ этнографиясы. Алматы, 2020. 223 б.

Арғынбаев, 1996 — *Арғынбаев Х.* Қазақ отбасы. Алматы: Қайнар, 1996. 288 б.

Әжіғали, Байғабатова, 2005 — *Әжіғали С., Байғабатова Н.* Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 175–190 бб.

Бекназаров, 2021 — *Бекназаров А.* Қазақстандағы отбасы институтының трансформациясы. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 265 б.

Баудиярова, Исаева., 2016 — *Баудиярова Қ., Исаева А.И.* Қазақстандағы неке және отбасы мәселесінің зерттелуі. — Алматы: Қазақ университеті, 2016. 244 б.

Ерназарова, 2003 — *Ерназарова Ж.Т.* Семейная обрядность казахов: символ и ритуал. Алматы, 2003. 204 б.

Ибраев, 2005 — *Ибраев М.* Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі. Алматы: Арыс, 2005. 141–149 бб.

Кауанова, 1982 — *Кауанова Х.А.* Образ жизни и быт рабочих семей: (на материалах Казахстана). Алма-Ата: Наука, 1982. 166 с.

Қалыш, 2015 — *Қалыш А.Б.* Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер. Алматы: Қазақ университеті, 2015. 254 б.

Қазақтың этнограф. категориялар, 2011 — Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы: DPS, 2011. 1 том. 736 б.

Қазақ салт-дәстүрлері, 2017 — Қазақ салт- дәстүрлері. Алматы: Балауса, 2017. 384 б.

Beyer, Finke, 2019 — *Beyer, J., Finke, P.* Practices of Traditionalization in Central Asia // Central Asian Survey. Routledge (Taylor & Francis Group), 2019. Volume 38, Issue 3 (2019) 310–328 pp.

Werner, 2008 — *Werner C.* Marriage, Markets, and Merchants: Changes in Wedding Feasts and Household Consumption Patterns in Rural Kazakhstan // Culture & Agriculture June, 2008

Roche, 2020 — *Roche S.* The Family in Central Asia: New Research Perspectives. Berlin: Walter de Gruyter GmbH & Co KG, 2020. 416 p.

Olcott, 1987 — *Olcott M. B.* The Kazakhs. Stanford: Hoover Institution Press, Stanford, California, 1987 (2nd ed. 1995). 116–132 pp.

Mukhan et al. 2025 — *Mukhan A., Matyzhanov K., Bugybayeva Zh., Toishanuly A.* The wedding ceremony in kazakh folklore: yesterday and today // Folklore: Electronic Journal of Folklore № 95. Estonian Literary Museum, 2025. 163–178 pp. https://www.folklore.ee/folklore/vol95/kazakh.pdf

## CONTENTS

### HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

**Karimov M., Nasyrov M., Rakhmetullin E.** THE LIFE OF SHAKARIM HAJI DURING THE SOVIET PERIOD: IN MEMORIES AND SOURCES ........ 950
**Sabitov Zh., Karatayev A. A.** ABU SAID JANIBEK KHAN IN THE 1430S–1450S: NEW EVIDENCE FROM CHINESE SOURCES ........ 966
**Tylakhmetova A. S., Beisembayeva A. R., Tepkeev V. T.** THE SOURCE BASE FOR THE STUDY OF THE LIFE AND STATE ACTIVITIES OF ABILMAMBET KHAN ........ 980
**Shabambayeva A. G., Abdrakhmanov B. N., Sadykova A. M.** HISTORICAL DISCOURSE IN THE WORKS OF A. ZH. MASHANOV ........ 995

### HISTORY

**Akhmetova G. M.** THE MERCHANT CLASS AND TRADE RELATIONS OF NORTHEASTERN KAZAKHSTAN ........ 1009
**Dyusenova N. K.** KAZAKH SOVIET MANAGERIAL ELITE DURING COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN ........ 1027
**Kuanbay O. B., Apendiyev T. A.** JAPAN'S XIX CENTURY FAMILY REGISTRATION AND POPULATION CENSUS SYSTEM FEATURES (BASED ON ARCHIVE DOCUMENTS FROM THE MEIJI PERIOD) ........ 1042
**Mussagaliyeva A. S., Kozybayeva M. M.** DISCUSSIONS ON THE ANCIENT AND MEDIEVAL HISTORY OF KAZAKHSTAN DURING THE DISCUSSION OF THE ACADEMIC PUBLICATION "HISTORY OF THE KAZAKH SSR" IN THE 1950S ........ 1060
**Nurtazina N. D.** THE REVIVAL OF SUFISM IN KAZAKHSTAN: SAID KURBANALI HAZRAT ISHAN (AKHMEDOV) AND HIS LEGACY ........ 1078
**Primkulova G., Sandybaeva A., Tastanbekov M.** CULT AND RITUAL STRUCTURES OF TURKESTAN: HISTORICAL AND ARCHITECTURAL ANALYSIS OF UNDERGROUND COMPLEXES (12th–19th CENTURIES) ........ 1100
**Suleimenova D. K., Zhumabayeva A. A.** THE ULUS OF JOCHI IN THE ERA OF THE BLACK DEATH ........ 1117
**Teleuova E. T., Sabol S.** "BEYOND TERMS AND BEYOND RULES": IMPERIAL AUTHORITIES AND THE MUSLIM CLERGY OF THE STEPPE KRAI DURING THE 1910 CHOLERA EPIDEMIC ........ 1128
**Tretyakova M. S.** THE ECONOMIC ACTIVITY OF ASHKENAZI JEWISH WOMEN IN THE STEPPE REGION AT THE TURN OF THE TWENTIETH CENTURY ........ 1143
**Wang Y., Tuleshova U. Zh.** RUSSIAN COLONIZATION OF THE KAZAKH STEPPE: RUSSIAN, KAZAKH, WESTERN, AND CHINESE HISTORIOGRAPHICAL PERSPECTIVES ON IMPERIAL EXPANSION AND COLONIAL TRANSFORMATION ........ 1155

### ANTHROPOLOGY

**Ganiyeva A. S., Shulga V. A., Sakenov S. K.** ARCHAEOLOGY OF TRADITIONAL KAZAKH WINTER SETTLEMENTS IN NORTHERN SARYARKA: EVIDENCE FROM THE ZHABAY WINTERING SITE ........ 1175
**Yergali G., Kalysh A. B.** WEDDING RITUALS OF THE KAZAKHS OF CENTRAL KAZAKHSTAN: PRESERVATION OF TRADITIONS AND REGIONAL FEATURES ........ 1193
**Krasnobayeva N. L., Sarsembayeva G. A., Kassenova A. Zh**FEATURES OF THE POPULATION SETTLEMENT SYSTEM IN EAST KAZAKHSTAN REGION IN THE LATE XIX–XX CENTURIES: AN ETHNODEMOGRAPHIC PERSPECTIVE ........ 1205
**Khabibullin E. I., Asylguzhin R. R.** ETHNOGENESIS OF THE BASHKIRS OF THE AY-YURYUZAN INTERFLUVE IN THE CONTEXT OF THE GOLDEN HORDE HERITAGE: AN INTERDISCIPLINARY ANALYSIS ........ 1227

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

**КаримовМ., НасыровМ., РахметуллинЕ**КЕҢЕСТІКҚУДАЛАУКЕЗЕҢІНДЕГІШӘКӘРІМҚАЖЫӨМІРІ: ЕСТЕЛІКТЕРМЕНДЕРЕКТЕРДЕ ........ 950
**СабитовЖ., ҚаратаевӘ**ӘӘБУСАИДЖӘНІБЕКХАН 1430–1450 ЖЫЛДАРЫ: ҚЫТАЙДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІЖАҢАМӘЛІМЕТТЕР ........ 966
**ТылахметоваАС., БейсембаеваАР., ТепкеевВТ**ӘБІЛМӘМБЕТХАННЫҢӨМІРІМЕНМЕМЛЕКЕТТІКҚЫЗМЕТІНЗЕРТТЕУДІҢДЕРЕКТІКНЕГІЗІ ........ 980
**Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М.** А.Ж. МАШАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДИСКУРС ........ 995

### ТАРИХ

**Ахметова Г. М.** СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПЕСТЕР МЕН САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ ........ 1009
**Дюсенова Н. К.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢЕСТІК БАСҚАРУШЫ ЭЛИТАСЫ ........ 1027
**Қуанбай О. Б., Әпендиев Т. Ә.** ЖАПОНИЯНЫҢ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОТБАСЫН ТІРКЕУ МЕН ХАЛЫҚТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (МЭЙДЖИ ДӘУІРІ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ) ........ 1042
**Мұсағалиева А. С., Қозыбаева М. М.** 1950-ЖЫЛДАРЫ «ҚАЗАҚ КСР ТАРИХЫ» АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІРТАЛАСТАР ........ 1060
**Нұртазина Н. Д.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОПЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУІ: САИД ҚҰРБАНӘЛІ ХАЗІРЕТ ИШАН (АХМЕДОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ ........ 1078
**Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М.** ТҮРКІСТАННЫҢ ДІНИ-ҒҰРЫПТЫҚ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: XII–XIX ҒҒ. ЖЕРАСТЫ КЕШЕНДЕРІНІҢ ТАРИХИ-СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ ........ 1100
**Сулейменова Д. Қ., Жумабаева Ә. Ә.** ........ 1117
**Телеуова Э. Т., Сабол С.** «МЕРЗІМНЕН БҰРЫН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕДЕН ТЫС»: 1910 ЖЫЛҒЫ ТЫРЫСҚАҚ ІНДЕТІ КЕЗІНДЕГІ ДАЛА ӨЛКЕСІНІҢ ИМПЕРИЯ БИЛІГІ МЕН МҰСЫЛМАН ДІНБАСЫЛАРЫ ........ 1128
**Третьякова М. С.** XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ АШКЕНАЗИ ЕВРЕЙ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ ........ 1143
**Ятин Ван, Тулешова Ұ.Ж.**РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ ЭКСПАНСИЯ МЕН ОТАРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ ........ 1155

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. Қ.** СОЛТҮСТІК САРЫАРҚАДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЛАРЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯСЫ: ЖАБАЙ ҚЫСТАУЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ1175
**Ерғали Г., Қалыш А. Б.** ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫПТАРЫ: ДӘСТҮРДІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ........ 1193
**Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж.** ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX Ғ. ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІ ........ 1205
**Хабибуллин Э. И., Асылгужин Р. Р.** АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ АЙ-ЮРЮЗАН ӨЗЕНАРАЛЫҚ БАШҚҰРТТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІ: ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ ........ 1227

## СОДЕРЖАНИЕ

### ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

**Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е.** ЖИЗНЬ ШАКАРИМА КАЖЫ В ПЕРИОД СОВЕТСКИХ РЕПРЕССИЙ: В ВОСПОМИНАНИЯХ И ИСТОЧНИКАХ ........ 950
**Сабитов Ж., Каратаев А. А.** АБУ САИД ЖАНИБЕК-ХАН В 1430–1450-Х ГГ.: НОВЫЕ ДАННЫЕ КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКОВ ........ 966
**Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т.** ИСТОЧНИКОВАЯ БАЗА ИССЛЕДОВАНИЯ ЖИЗНИ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АБИЛМАМБЕТ-ХАНА ........ 980
**Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М.** ИСТОРИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ А.Ж. МАШАНОВА ........ 995

### ИСТОРИЯ

**Ахметова Г. М.** КУПЕЧЕСТВО И ТОРГОВЫЕ СВЯЗИ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА ........ 1009
**Дюсенова Н. К.** КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ЭЛИТА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ ........ 1027
**Куанбай О. Б., Апендиев Т. А.** ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ СЕМЕЙНОГО УЧЕТА И ПЕРЕПИСИ НАСЕЛЕНИЯ В ЯПОНИИ XIX ВЕКА (НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ ЭПОХИ МЭЙДЗИ) ........ 1042
**Мусагалиева А. С., Козыбаева М. М.** ДИСКУССИИ ПО ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ХОДЕ ОБСУЖДЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО ИЗДАНИЯ «ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ССР» В 1950-Х ГГ. ........ 1060
**Нуртазина Н. Д.** ВОЗРОЖДЕНИЕ СУФИЗМА В КАЗАХСТАНЕ: САИД КУРБАНАЛИ ХАЗРАТ ИШАН (АХМЕДОВ) И ЕГО НАСЛЕДИЕ ........ 1078
**Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М.** КУЛЬТОВО-РИТУАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ТУРКЕСТАНА: ИСТОРИКО-АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ ПОДЗЕМНЫХ КОМПЛЕКСОВ XII–XIX ВВ. ........ 1100
**Сулейменова Д. К., Жумабаева А. А.** УЛУС ДЖУЧИ В ЭПОХУ «ЧЁРНОЙ СМЕРТИ»… ........ 1117
**Телеуова Э. Т., Сабол С.** ««ВНЕ СРОКА И ВНЕ НОРМЫ»: ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И МУСУЛЬМАНСКОЕ ДУХОВЕНСТВО СТЕПНОГО КРАЯ В ПЕРИОД ЭПИДЕМИИ ХОЛЕРЫ 1910 ГОДА ........ 1128
**Третьякова М. С.** ЭКОНОМИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ АШКЕНАЗСКИХ ЕВРЕЕК В СТЕПНОМ КРАЕ НА РУБЕЖЕ XIX–XX ВВ. ........ 1143
**Ван Я., Тулешова У. Ж.** РОССИЙСКАЯ КОЛОНИЗАЦИЯ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: РОССИЙСКИЕ, КАЗАХСКИЕ, ЗАПАДНЫЕ И КИТАЙСКИЕ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИМПЕРСКОЙ ЭКСПАНСИИ И КОЛОНИАЛЬНОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ........ 1155

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. К.** АРХЕОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КАЗАХСКИХ ЗИМОВОК СЕВЕРНОЙ САРЫАРКИ: МАТЕРИАЛЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КЫСТАУ ЖАБАЙ ........ 1175
**Ергали Г., Калыш А. Б.** СВАДЕБНОЙ ОБРЯДЫ КАЗАХОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА: СОХРАНЕНИЕ ТРАДИЦИЙ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ........ 1193
**Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж.** ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ РАССЕЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX–XX ВВ.: ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ........ 1205
**Хабибуллин Э. И., Асылгужин Р. Р.** ЭТНОГЕНЕЗ БАШКИР АЙСКО-ЮРЮЗАНСКОГО МЕЖДУРЕЧЬЯ В КОНТЕКСТЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО НАСЛЕДИЯ: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ ........ 1227

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA“**
2026. 13(4)
*Бас редактор:*
Қабылдинов З. Е.

*Компьютерде беттеген:*
Ағзам Р. Р.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: https://ajspiie.com

Ш. Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй